

Бір өтініштің негізінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 19 наурыздағы № 296 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 мамырда № 11001 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 57 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 14.02.2019 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 8-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бір өтініштің негізінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (С.С. Сарсенов):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2 тармағының 1), 2), 3) тармақшаларындағы іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

А. Жұмағалиев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
_____ А. Сәрінжіпов

2015 жылғы 27 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық және
әлеуметтік даму министрі
_____ Т. Дүйсенова

2015 жылғы " "

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев

2015 жылғы 4 сәуір

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_____ Қ. Қасымов

2015 жылғы " "

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2015 жылғы 19 наурыздағы
№ 296 бұйрығымен бекітілген

**Бір өтініштің негізінде электрондық нысанда
көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі**

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің
м.а. 31.12.2015 № 1297 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

--	--	--

Р/ с №	Бір өтініштің негізінде электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді іріктеу өлшемдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы
1	2	3
1.	Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу	Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару Тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамаларын беру
2.	Қазақстан Республикасының тұрғындарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу	Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою Жұмыссыз азаматтарға анықтамалар беру
3.	Бала туу	Тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу Бала тууға және бала күтімі бойынша жәрдемақылар тағайындау Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою
4	Ақпарат алу	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама беру Жылжымалы мүлік кепілінің тізілімінен үзінді беру Тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждalған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдеріне, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат беру